

"Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 7 қарашадағы № 517 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 2 сәуірдегі № 171 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 3 сәуірде № 38323 тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 7 қарашадағы № 517 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35344 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының:

1-тармақта:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) МФТС қорытындысы – МФТС объектісі бойынша бағалаудың әрбір өлшемшарты бойынша балдарды жинақтау негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда ұйымдастырушының цифрлық жүйесінде қалыптастырылған қорытынды;"

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) ұйымдастырушының автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – ұйымдастырушы АЦЖ) - ғылыми-техникалық сараптама объектілері мен субъектілерін тіркеуге, оларды өңдеуге және сақтауға, іздеуге, сараптамалық бағалау жүргізуге және ақпарат беруге мүмкіндік беретін бағдарламалық-техникалық құралдар кешені;"

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Тапсырыс беруші конкурсқа өтінімдерді тек ұйымдастырушының АЦЖ арқылы қабылдайды және өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бюджет қаражаты және (немесе) кәсіпкерлік субъектілерінің, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қаражаты есебінен қаржыландыруға гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға, сондай-ақ іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыруға ұсынылған МФТС объектілеріне МФТС жүргізуге арналған өтінімдерді Заңның 6-бабының 19)

тармақшасына сәйкес ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларына (бұдан әрі – Қаржыландыру қағидалары) және Заңның 6-бабының 11) тармақшасына сәйкес ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес жолдайды.";

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ұйымдастырушы цифрлық жүйе арқылы өтінімді осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес келмеген жағдайда, жарияланған конкурс шеңберінде бекітілген конкурс құжаттамасына сәйкес тексеру парағында барлық ескертулерді көрсете отырып, пысықтау үшін өтінім берушіге жібереді.";

12-тармақтың бірінші және екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Ұйымдастырушы өтінімді пысықтауға жіберген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім беруші пысықталған өтінімді ұйымдастырушының цифрлық жүйесі арқылы жібереді.

Пысықталған өтінімдер алғаннан кейін ұйымдастырушы бұрын көрсетілген ескертулердің жойылған-жойылмағанын тексереді, ал ескертулер жойылмаған жағдайда пысықталған өтінімдерді алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінімді өтінім берушіге қайтарады.";

14-тармақтың сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсына берілген конкурстық өтінімдер бойынша МФТС жүргізу кезінде әрбір жоба бойынша сарапшыларды іріктеу және тағайындау кездейсоқ таңдау әдісімен автоматтандырылған цифрлық жүйе арқылы жүргізіледі.";

21-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Қаржыландырудың сұралатын сомасының негізділігін бағалау нәтижелері МФТС нәтижелерімен бірге (МФТС балын көрсетпей) тиісті ұлттық ғылыми кеңестерге (бұдан әрі – ҰҒК) сараптама аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жолданады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Ұйымдастырушы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды (аралық) есептер бойынша МФТС қорытындысын, сондай-ақ іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбесіне енгізілген, мемлекет жүз пайыз қатысатын мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен ғылыми ұйымдардың есептерін тиісті ҰҒК-ге жолдайды.

Ұйымдастырушы гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептер бойынша МҒТС қорытындысын тиісті ҰҒК-ге жолдайды.";

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11 және 12-қосымшалар осы бұйрыққа 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он үшінші, он бесінші және он алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі*

С. Нурбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология және табиғи

ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Ғылым және жоғары білім

министрі

2026 жылғы 2 сәуірдегі

№ 171 Бұйрығына

1-қосымша

Мемлекеттік ғылыми-

техникалық сараптаманы

ұйымдастыру және

жүргізу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінімдер іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ұйымдар тізбесіне енгізілген мемлекеттік ғылыми ұйымдардың және мемлекет жүз пайыз қатысатын ғылыми ұйымдардың өтінімдері шеңберінде қаржыландырудың сұралатын сомасының негізділігін бағалау бойынша сарапшының қорытындысы _____

_____ (Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектісінің жеке тіркеу нөмірі мен атауы)

Р/с №	Шығыстар бабының атауы	Сұралып отырған сома	Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама сарапшыларының қорытындысы негізінде сұралған соманың негізделуін бағалау сарапшысының позициясы		
			№1 сарапшының қорытындысы бойынша	№2 сарапшының қорытындысы бойынша	№3 сарапшының қорытындысы бойынша
1	2	3	4	5	6
	"Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке		Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау

1	төленетін қалған міндетті төлемдерді қоса алғанда)"		жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)
			Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)
2	Қызметтік іссапарлар		Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)
			Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)
3	" Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар"		Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)
			Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)
4	Материалдар сатып алу (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу		Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)

			Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)
5	Жалға алу шығыстары, зерттеулерді іске асыру үшін жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары		Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)	Сарапшының пікірін ескере отырып сұранылатын соманың негіздемесін бағалау жөніндегі сарапшының түсініктемесі (жылдар бойынша)
			Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)	Ұсынылатын сомма (сандармен)
6	Сұралып отырған соманың негізділігін бағалау жөніндегі сарапшы ұсынатын жобаны немесе бағдарламаны қаржыландыруға арналған сома жиынтығы		Ескертулерді қоса алғанда жобаны қаржыландыруға арналған сома	Ескертулерді қоса алғанда жобаны қаржыландыруға арналған сома	Ескертулерді қоса алғанда жобаны қаржыландыруға арналған сома

* сома қысқартылған жағдайда, қысқарту жасалған жылды және қысқарту жасалған шығыстар көздерін көрсету қажет

Қаржыландырудың сұралатын сомасының негізділігін бағалау бойынша Сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

* 4, 5, 6-бағандар осы Қағидаларға 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама бойынша сарапшылардың қорытындыларында келтірілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама сарапшылары позициясының негізінде толтырылады.

** баға негізіндегі шығыстар құны (бағалау жүргізу сәтінде)

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2026 жылғы 2 сәуірдегі
№ 171 Бұйрығына
2-қосымша
Мемлекеттік ғылыми-
техникалық сараптаманы

Гранттық қаржыландыру шеңберіндегі өтінімге сарапшының қорытындысы _____

(Мемлекеттік
ғылыми-техникалық сараптама объектісінің жеке тіркеу нөмірі және атауы)

Р/с №	Бағалау өлшемшартының атауы	Сарапшының бағалауы	Көрсеткіш	Өлшемшарт бойынша балл
1.	Жобаның жаңашылдығы, өзектілігі мен перспективалылығы		Жобаның ұсынылатын ғылыми-техникалық деңгейінің жаңашылдығы мен өзектілігі (200 сөзден аспау керек) Гипотезалар, идеялар және зерттеудің күтілетін нәтижелері қаншалықты жаңашыл болып табылады? Жоба шеңберінде зерттелетін ғылыми және (немесе) әдіснамалық проблемалық салалар қаншалықты жаңа болып табылады? Зерттеу жоспары шеңберінде өтінім беруші қолданатын тәсілдер мен әдістер қаншалықты жаңа болып табылады? Олар қаншалықты заманауи және өзекті болып табылады? Жоба авторлары сілтеме жасап отырған әдебиеттер қаншалықты өзекті болып табылады?	(0-ден 3-ке дейін)
			Ғылымның дамуы үшін ұсынылатын ғылыми-техникалық деңгейдің және	

		<p>жобаның әзірлену дәрежесінің қажеттілігі, өзектілігі (300 сөзден аспау керек) Жоба маңызды ғылыми проблемаларды қаншалықты шешеді? Жоба әлемдік трендтерге қаншалықты сәйкес келеді? Гипотезалар, идеялар және зерттеудің күтілетін нәтижелері қаншалықты перспективалы? Жоба ғылымды дамытуға үлкен серпіліс болуға қабілетті ме? Зерттеу нәтижелерін жариялау үшін таңдалған журналдардың деңгейі қаншалықты жоғары? Жоба шеңберінде жоспарланып отырған жарияланымдардың сапасы мен саны конкурстық құжаттамаға сәйкес келе ме? Өтінім беруші жариялауға жоспарлап отырған мақалалар саны қаншалықты негізделген?</p>	<p>(0-ден 6-ға дейін)</p>
2.		<p>Зерттеу жоспарының сапасы (150 сөзден аспау керек) Зерттеу проблемалары қаншалықты негізделген? Өтінім беруші зерттеу жоспарының мақсаттарын,</p>	<p>(0-ден 3-ке дейін)</p>

	<p>Зерттеу жоспарының сапасы және іске асырылуы</p>	<p>мәселелерін, гипотезалары мен болжамдарын қаншалықты айқын тұжырымдаған? Гипотезалар (болжамдар) ғылыми және шынайы болып табыла ма?</p>	
		<p>Зерттеулер әдіснамасының сапасы (250 сөзден аспау керек) Зерттеуде қолданылатын әдістер қаншалықты негізделген? Қолданылатын әдістер мен тәсілдер қойылған мақсаттарға, міндеттерге, гипотезаларға және күтілетін нәтижелерге қаншалықты сәйкес келеді? Өтінім берушінің бастапқы деректерді жинау әдістері мен дереккөздері қаншалықты сенімді? Өтінім беруші зерттеу мәселелері мен деректерді жинау әдістері арасындағы дәйектілікті көрсетті ме? Алынған деректерді кейінгі статистикалық өңдеу үшін эксперименттер қаншалықты дұрыс жоспарланған? Өтінім беруші плагиаттың, деректерді бұрмалау мен қолдан жасаудың, жалған авторлықтың және нәтижелерді</p>	<p>(0-ден 3-ке дейін)</p>

		<p>иемденудің алдын алуға қатысты мәселелерді шешудің тиімділігі? Өтінім беруші жануарлар мен адамдарға қатысты эксперименттік зерттеулерге қатысты этикалық мәселелерді қаншалықты пысықтаған? Өтінім беруші тиісті нормаларды қаншалықты сапалы сақтаған? Сарапшының зерттеулерге ұсынылатын әдістер мен тәсілдердің сапасы және олардың мақсатқа, міндеттерге және күтілетін нәтижелерге сәйкестігі, жалпы зерттеу жоспарының сапасы туралы қосымша түсініктемелері.</p>	
		<p>Нәтижелерге қол жеткізушілік (250 сөзден аспау керек) Жоба шеңберінде күтілетін нәтижелерге қол жеткізу ықтималдығы? Зерттеу нәтижелерін өтінімде көрсетілген журналдарда жариялауға қабылдау ықтималдығы? Зерттеуді сәтті аяқтау үшін қандай қауіптер бар? Олардың дәрежесі қандай және өтінім беруші тәуекелдерге</p>	<p>(0-ден 3-ке дейін)</p>

де н қою

		<p>мәселелерін қаншалықты пысықтады? Жобаны іске асырудың балама жолдары мен тәсілдері бар ма? Өтінім беруші ұсынған зерттеу жоспарының балама нұсқалармен салыстырғанда қаншалықты артықшылықтары бар?</p>	
3.	<p>Күтілетін нәтижелер және олардың маңыздылығы</p>	<p>Жобаның нәтижелілігі мен тиімділігі (250 сөзден аспау керек) Жобаның күтілетін нәтижелері сұрау салынған қаржыландыру көлемімен қаншалықты сәйкес келеді? Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін жоба қаражатын пайдалану тиімділігі? Зерттеулердің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру үшін қабылданатын шаралар?</p>	(0-ден 3-ке дейін)
		<p>Күтілетін нәтижелердің маңыздылығы мен қолданымдылығы (300 сөзден аспау керек) Күтілетін зерттеу нәтижелерін қолданудың жоспарланған салалары? Олардың көмегімен шешілетін мәселенің сипаты мен ауқымы қандай? Күтілетін нәтижелер</p>	

қолданыстағы
аналогтармен ((аналогтары
болмаған кезде
ұқсас проблеманың
қолжетімді
шешімдерімен
салыстырғанда)
бәсекеге қабілетті
болып табыла ма?
Жобаны іске
асырудағы күтілетін
әлеуметтік,
экономикалық,
экологиялық немесе
басқа әсері қандай?
Күтілетін зерттеу
нәтижелерін
пайдалану жолдары
қандай? Күтілетін
нәтижелерді іс
жүзінде қолдануға
ж ә н е
коммерцияландыру
ға дайындығы
қандай? Оларды
қолдану кезінде
шектеулердің
ықтималдығы?
Нәтижелері
бойынша
жарияланған мақала
жобаларына
ғалымдардың үнемі
дәйексөз келтіру
ықтималдығы? 40
жастан аспаған жас
зерттеушілерді ((студенттер,
магистранттар,
докторанттар,
постдокторанттар)
дайындауда жоба
қандай рөл
атқарады?
Күтілетін
нәтижелердің
маңыздылығы
қаншалықты айқын
және толық
тұжырымдалған?
Өтінім берушінің
күтілетін
нәтижелердің

(0-ден 6-ға дейін)

		маңыздылығы туралы пікірі қаншалықты сенімді және негізделген?	
4.	Зерттеу тобының құзыреттілігі мен ғылыми дайындамасы	<p>Жоба жетекшісінің ғылыми деңгейі мен дайындамасы (250 сөзден аспау керек)</p> <p>Жетекші жоба бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми журналдарда, оның ішінде негізгі автор (хат-хабарға арналған автор немесе бірінші автор) ретінде мақалаларды тұрақты түрде жариялай ма? Ғылыми жетекші өз зерттеулерінің нәтижелерін жариялайтын журналдардың деңгейі қаншалықты жоғары?</p> <p>Ғылыми жетекші рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалары жарияланған ғылыми жобаларды сәтті басқару тәжірибесі бар ма? Ғылыми жетекшінің жоба тақырыбы бойынша мақалалар түрінде ғылыми дайындамасы бар ма?</p>	(0-ден 3-ке дейін)
		<p>Зерттеу тобының сапасы (250 сөзден аспау керек)</p> <p>Зерттеу тобының құрамы қаншалықты сапалы негізделген?</p> <p>Зерттеу тобының әр мүшесінің</p>	

зерттеудегі рөлі қаншалықты айқын негізделген? Зерттеулерді белгіленген мақсаттарға, міндеттерге, күтілетін нәтижелерге және ұсынылған зерттеу жоспарына сәйкес аяқтау үшін олардың үлесі қаншалықты қажет? Зерттеу тобы мүшелерінің біліктілігі мен тәжірибесі олардың жобадағы рөлі мен о р н ы н а қаншалықты сәйкес келеді? Жобаға қатысушылардың сатып алынатын жабдықпен жұмыс істеу үшін жеткілікті біліктілігі бар ма? Жобаға шетелдік ғалымдар қатысқанда, олардың жобаның мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлі тұрғысынан қатысуы орынды ма ? Шетелдік сарапшылардың біліктілік саласы мен деңгейі зерттеу жоспарының қажеттіліктеріне сәйкес келе ме?

(0-ден 3-ке дейін)

Ресурстардың болуы және инфрақұрылымға қолжетімділік (300 сөзден аспау керек)
Өтінім берушінің иелігіндегі инфрақұрылым

зерттеу жоспарының қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келеді?

Зерттеу жабдығы және өтініш берушінің иелігіндегі құралдар ұсынылып отырған зерттеу тәсілдері мен әдістерін қолдануға қаншалықты мүмкіндік береді? Жобада үшінші тарап ұйымдарының инфрақұрылымын пайдалану қаншалықты орынды?

Жобаның мақсаты, міндеттері және ауқымы тұрғысынан жоба шеңберінде жабдықты сатып алу қаншалықты негізделген?

Жоба шеңберінде өтінім беруші сатып алатын материалдар зерттеу жоспарына сәйкес келе ме?

Жобаға қатысушылардың сатып алынатын жабдықта жұмыс істеу үшін жеткілікті біліктілігі бар ма? Жобаға қатысушылардың сатып алынған жабдықты, оның ішінде жоба аяқталғаннан кейін де тиімді пайдалану мүмкіндіктері?

Жобаны іске асыруға қоса орындаушыларды тарту қаншалықты негізделген?

Зерттеу тобы мүшелерінің тиісті

(0-ден 3-ке дейін)

		жұмыстарды өз бетінше орындау мүмкіндіктері?
5.	Жобаның пәнаралығы	<p>(100 сөзден аспау керек)</p> <p>2 балл – жоба кең ғылыми бағыттар арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету тұрғысынан пәнаралық болса, пәнаралық тәсіл өтінімде толық негізделіп, жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажет болғанда;</p> <p>1 балл – жоба пәнаралық болса, бірақ өтінімде ұсынылған тәсіл жеткілікті негізделмесе немесе жобаның мақсатына толық жауап бермесе немесе пәнаралық тәсіл тар ғылыми бағыттар арасындағы өзара әрекеттестік бөлігінде көзделгенде;</p> <p>0 балл – жоба пәнаралық болмаса немесе өтінімде ұсынылған тәсіл негізделмесе және жобаның мақсатына жауап бермесе. Сарапшы пікірін қысқаша негіздеу керек.</p>
Қорытынды балл		Жоғарыда көрсетілген барлық бағалау өлшемшарттары бойынша ортақ балдардың қосындысы
Сұрау салынатын қаржыландырудың негізділігі		<p>(250 сөзден аспау керек)</p> <p>Өтінімнің негізгі сандық параметрлерін ескере отырып (мысалы, зерттеушілер санын, сатып алынатын материалдар мен жабдықтар көлемін, іссапарлар санын және жоспарланған шығындар), өтінім беруші сұрау салынатын қаржыландыру (ресурсты өлшеудің ақшалай және/немесе заттай бірліктері) сомасы жобаның маңыздылығына және оның мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге қажетті нақты қаржы көлеміне қаншалықты сәйкес келетінін бағалау. Түзетулер қажет болған жағдайда, жобаның мақсаттарына қол жеткізу үшін залал келтірмей нақты қандай баптар бойынша және қандай мөлшерде (сандық) түзетулер қажет екенін көрсету.</p>
Басым бағытқа сәйкестігі		<p>(100 сөзден аспау керек)</p> <p>Өтінімнің басым бағытқа және ол берілген мамандандырылған ғылыми бағытқа қаншалықты сәйкес келетінін бағалау, сарапшы пікірін қысқаша негіздеу.</p>
Мықты тұстары		<p>(150 сөзден аспау керек)</p> <p>Зерттеудің негізгі артықшылықтары мен оның жобаның мәлімделген мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін сипаттамаларын қысқаша атап өту.</p>
Әлсіз тұстары		<p>(150 сөзден аспау керек)</p> <p>Зерттеудің негізгі кемшіліктері мен олардың күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге әсер ету дәрежесін қысқаша атап өту. Жобаны іске асыру үшін сындарлы маңызы бар және оның мақсаттарына қол жеткізуге күмән келтіретін кемшіліктерді бөлек атап өту.</p>

Сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2026 жылғы 2 сәуірдегі
№ 171 Бұйрығына
3-қосымша
Мемлекеттік ғылыми-
техникалық сараптаманы
ұйымдастыру және
жүргізу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі өтінімге сарапшының қорытындысы

(Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектісінің жеке тіркеу нөмірі мен атауы)

Р/с №	Бағалау өлшемшартының атауы	Сарапшының бағалауы	Көрсеткіш	Өлшемшарт бойынша балл
			Бағдарламаның ұсынылатын ғылыми-техникалық деңгейінің жаңашылдығы мен өзектілігі (200 сөзден аспау керек) Гипотезалар, идеялар және зерттеудің күтілетін нәтижелері қаншалықты жаңа болып табылады? Бағдарлама шеңберінде зерттелетін ғылыми және (немесе) әдіснамалық проблемалық салалар қаншалықты жаңа болып табылады? Зерттеу жоспары шеңберінде өтінім беруші қолданатын тәсілдер мен әдістер қаншалықты жаңа болып табылады? Олар қаншалықты заманауи және өзекті болып табылады? Жоба	

1.	Бағдарламаның жаңашылдығы, өзектілігі мен перспективалылығы	<p>авторлары сілтеме жасап отырған әдебиеттер қаншалықты өзекті болып табылады? Ғылымның дамуы үшін ұсынылатын ғылыми-техникалық деңгейдің және бағдарламаның әзірлену дәрежесінің қажеттілігі, өзектілігі (300 сөзден аспау керек)</p> <p>Бағдарлама маңызды ғылыми проблемаларды қаншалықты шешеді? Бағдарлама әлемдік трендтерге қаншалықты сәйкес келеді? Гипотезалар, идеялар және зерттеудің күтілетін нәтижелері қаншалықты перспективалы?</p> <p>Бағдарлама ғылымды дамытуға үлкен серпіліс болуға қабілетті ме? Зерттеу нәтижелерін жариялау үшін таңдалған журналдардың деңгейі қаншалықты жоғары?</p> <p>Бағдарлама шеңберінде жоспарланып отырған жарияланымдардың сапасы мен саны конкурстық құжаттамаға сәйкес келе ме? Өтінім беруші жариялауға жоспарлап отырған мақалалар саны қаншалықты негізделген?</p>	(0-ден 6-ға дейін)
----	---	---	--------------------

Жетекшінің құзыреттілігі мен дайындамасы (300 сөзден артық емес)
Ғылыми жетекшінің рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалар жарияланған ғылыми жобаларды (әсіресе – ірі) және бағдарламаларды табысты басқару тәжірибесі бар ма?
Жетекшінің бағдарлама тақырыбы бойынша беделді рецензияланатын журналдарда мақалалар түрінде ғылыми дайындамасы бар ма? Жетекші рецензияланатын ғылыми журналдарда бағдарлама бағыты бойынша, оның ішінде негізгі автор (хат-хабар авторы немесе бірінші автор) ретінде мақалаларды тұрақты түрде жариялап отыра ма?
Ғылыми жетекші өз зерттеулерінің нәтижелерін жариялайтын журналдардың деңгейі қаншалықты жоғары?
Зерттеу тобының құзыреттілігі мен дайындамасы (300 сөзден артық емес)
Зерттеу тобының құрамы (қоса орындаушыларды қоса алғанда) қаншалықты сапалы

2.

Жетекші мен зерттеу тобының құзыреттілігі мен дайындамасы
Зерттеу жоспарының сапасы және іске асырылуы

негізделген?
Зерттеудегі әр қоса орындаушының және зерттеу тобы мүшесінің рөлі қаншалықты нақты негізделген?
Белгіленген мақсатқа, міндеттерге, күтілетін нәтижелерге және ұсынылатын зерттеу жоспарына сәйкес зерттеулерді аяқтау үшін олардың үлесі қаншалықты қажет?
Зерттеу тобы мүшелерінің (қоса орындаушыларды қоса алғанда) біліктілігі мен тәжірибесі олардың бағдарламадағы рөлі мен ұстанымына қаншалықты сәйкес келеді?
Бағдарламаға қатысушылардың сатып алынатын жабдықта жұмыс істеу үшін жеткілікті біліктілігі бар ма?
Шетелдік ғалымдар бағдарламаға қатысқанда, олардың бағдарламаның мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлі тұрғысынан қатысуы негізделген бе? Шетелдік сарапшылардың саласы мен біліктілік деңгейі зерттеу жоспарының

(0-ден 6-ға дейін)

		<p>қажеттілігіне сәйкес келе ме? Зерттеу тобының сапасы және оның зерттеу қажеттіліктеріне сәйкестігі туралы сарапшының қосымша пікірлері.</p>	
		<p>Зерттеу жоспарының сапасы мен ғылыми деңгейі (350 сөзден артық емес) Өтінім беруші зерттеу жоспарының мақсаттарын, мәселелерін, гипотезалары мен болжамдары қаншалықты айқын тұжырымдаған? Гипотезалар (болжамдар) ғылыми және шынайы болып табыла ма? Зерттеу жоспары ғылым саласындағы соңғы жетістіктерді ескере ме? Зерттеу әдістері қаншалықты заманауи және ғылыми негізделген болып табылады? Қолданылатын әдістер мен тәсілдер қойылған мақсаттарға, міндеттерге, гипотезаларға және күтілетін нәтижелерге қаншалықты сәйкес келеді? Өтінім берушінің бастапқы деректерді жинау әдістері мен дереккөздері қаншалықты сенімді? Өтінім беруші зерттеу мәселелері мен деректерді</p>	

жинау әдістері арасындағы дәйектілікті көрсетті ме? Алынған деректерді кейінгі статистикалық өңдеу үшін эксперименттер қаншалықты дұрыс жоспарланған? Техникалық тапсырмада көрсетілген нәтижелерге қол жеткізу үшін бағдарлама қаражатын пайдалану тиімділігі? Зерттеулердің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру үшін қабылданатын шаралар қандай? Өтінім беруші плагиаттың, деректерді бұрмалау мен қолдан жасаудың, жалған авторлықтың және нәтижелерді иемденудің алдын алуға қатысты мәселелерді шешуінің тиімділігі? Өтінім беруші жануарлар мен адамдарға қатысты эксперименттік зерттеулерге қатысты этикалық мәселелерді қаншалықты пысықтаған? Өтінім беруші тиісті нормаларды қаншалықты сапалы сақтаған? Сарапшының зерттеулерге ұсынылатын әдістер

(0-ден 6-ға дейін)

		<p>мен тәсілдердің сапасы және олардың мақсатқа, міндеттерге және күтілетін нәтижелерге сәйкестігі, жалпы зерттеу жоспарының сапасы туралы қосымша түсініктемелері.</p>	
		<p>Жоспарды іске асыруға арналған зерттеу инфрақұрылымының сапасы (300 сөзден артық емес) Өтінім беруші мен қ о с а орындаушылардың иелігіндегі инфрақұрылым зерттеу жоспарының қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келеді? Өтінім беруші мен бірлесіп орындаушылардың иелігіндегі зерттеу жабдығы мен құралдар ұсынылатын зерттеу тәсілдері мен әдістерін қолдануға қаншалықты мүмкіндік береді? Бағдарлама аясында жабдықты оның мақсаты, міндеттері мен ауқымы тұрғысынан сатып алу қаншалықты негізделген? Бағдарлама аясында өтінім беруші сатып алатын материалдар зерттеу жоспарына сәйкес келе ме? Ж о б а ғ а қатысушылардың сатып алған</p>	<p>(0-ден 6-ға дейін)</p>

		<p>жабдықты, оның ішінде бағдарлама аяқталғаннан кейін тиімді пайдалану мүмкіндіктері қандай?</p>	
		<p>Тікелей нәтижелердің қолжетімділігі және сапасы (300 сөзден артық емес) Өтінімде күтілетін нәтижелер техникалық тапсырмада көрсетілген тікелей нәтижелерге қаншалықты сәйкес келеді? Бағдарлама шеңберінде техникалық тапсырмада көрсетілген тікелей нәтижелерге қол жеткізу ықтималдығы қаншалықты жоғары? Тікелей нәтижелерге қол жеткізу жолдары қаншалықты ғылыми негізделген? Зерттеу нәтижелерінің өтінімде көрсетілген журналдарда жариялануға қабылдану ықтималдығы? Зерттеуді сәтті аяқтау үшін қандай тәуекелдер бар? Олардың дәрежесі қандай және өтінім беруші тәуекелдерді басқару мәселелерін қаншалықты пысықтады? Бағдарламаны іске асырудың баламалы жолдары мен тәсілдері бар ма? Өтінім беруші</p>	<p>(0-ден 6-ға дейін)</p>

3.	Күтілетін нәтижелердің қолжетімділігі мен сапасы	ұсынатын зерттеу жоспары балама нұсқалармен салыстырғанда қаншалықты артықшылықтарға ие?	
		Түпкілікті нәтижелердің қолжетімділігі (300 сөзден артық емес) Өтінімдегі күтілетін нәтижелер мен олардың әсері (әлеуметтік, экономикалық, экологиялық немесе өзге) техникалық тапсырмада көрсетілген түпкілікті нәтижелерге қаншалықты сәйкес келеді? Техникалық тапсырмада көрсетілген түпкілікті нәтижелерге бағдарлама шеңберінде немесе ол аяқталғаннан кейін қол жеткізу ықтималдығы қаншалықты жоғары? Оларды практикалық қолдану және (немесе) коммерцияландыру үшін қолда бар аналогтармен салыстырғанда (аналогтары болмаған кезде – ұқсас міндеттің қолда бар шешімдерімен салыстырғанда) нәтижелердің бәсекеге қабілеттілігі?	(0-ден 6-ға дейін)
		(100 сөзден аспау керек)	

4	Бағдарламаның пәнаралығы	<p>2 балл – бағдарлама кең ғылыми бағыттар арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету тұрғысынан пәнаралық болса, пәнаралық тәсіл өтінімде толық негізделіп, жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажет болғанда;</p> <p>1 балл – бағдарлама пәнаралық болса, бірақ өтінімде ұсынылған тәсіл жеткілікті негізделмесе немесе бағдарламаның мақсатына толық жауап бермесе немесе пәнаралық тәсіл тар ғылыми бағыттар арасындағы өзара әрекеттестік бөлігінде көзделгенде;</p> <p>0 балл – бағдарлама пәнаралық болмаса немесе өтінімде ұсынылған тәсіл негізделмесе және бағдарламаның мақсатына жауап бермесе.</p> <p>Сарапшы пікірін қысқаша негіздеу керек.</p>
Қорытынды балл	Жоғарыда көрсетілген барлық бағалау өлшемшарттары бойынша ортақ балдардың қосындысы	
Сұрау салынатын қаржыландырудың негізділігі	<p>(250 сөзден артық емес)</p> <p>Өтінімнің негізгі сандық параметрлерін ескере отырып (мысалы, зерттеушілер санын, сатып алынатын материалдар мен жабдықтар көлемін, іссапарлар санын және жоспарланған шығындар), өтінім беруші сұрау салынатын қаржыландыру (ресурсты өлшеудің ақшалай және/немесе заттай бірліктері) сомасы бағдарламаның маңыздылығына және оның мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге қажетті нақты қаржы көлеміне қаншалықты сәйкес келетінін бағалау. Түзетулер қажет болған жағдайда, бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін залал келтірмей, нақты қандай баптар бойынша және қандай мөлшерде (сандық) түзетулер қажет екенін көрсету.</p>	
Мықты тұстары	<p>(150 сөзден артық емес)</p> <p>Зерттеудің негізгі артықшылықтары мен оның бағдарламаның мәлімделген мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін сипаттамаларын қысқаша атап өту.</p>	
Әлсіз тұстары	<p>(150 сөзден артық емес)</p> <p>Зерттеудің негізгі кемшіліктерін және олардың күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге әсер ету дәрежесін қысқаша атап өту. Бағдарламаны іске асыру үшін сындарлы маңызы бар және оның мақсатына қол жеткізуге күмән келтіретін кемшіліктерді бөлек атап өту керек.</p>	

Сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

4-қосымша
Мемлекеттік ғылыми-
техникалық сараптаманы
ұйымдастыру және
жүргізу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуге арналған конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі өтінімге сарапшының қорытындысы

(Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектісінің жеке тіркеу нөмірі мен атауы)

Р/с №	Бағалау өлшемшартының атауы	Сарапшының бағалауы	Көрсеткіш	Өлшемшарт бойынша балл
			Бағдарламаның ұсынылатын ғылыми-техникалық деңгейінің жаңалығы мен өзектілігі (200 сөзден аспау керек) Гипотезалар, идеялар және зерттеудің күтілетін нәтижелері қаншалықты жаңа болып табылады? Бағдарлама шеңберінде зерттелетін ғылыми және (немесе) әдіснамалық проблемалық салалар қаншалықты жаңа болып табылады? Зерттеу жоспары шеңберінде өтінім беруші қолданатын тәсілдер мен әдістер қаншалықты жаңа болып табылады? Олар қаншалықты заманауи және өзекті болып табылады? Жоба	

1.	Бағдарламаның жаңашылдығы, өзектілігі мен перспективалылығы	<p>авторлары сілтеме жасап отырған әдебиеттер қаншалықты өзекті болып табылады? Ғылымның дамуы үшін ұсынылатын ғылыми-техникалық деңгейдің және бағдарламаның әзірлену дәрежесінің қажеттілігі, өзектілігі (300 сөзден аспау керек)</p> <p>Бағдарлама маңызды ғылыми проблемаларды қаншалықты шешеді? Бағдарлама әлемдік трендтерге қаншалықты сәйкес келеді? Гипотезалар, идеялар және зерттеудің күтілетін нәтижелері қаншалықты перспективалы?</p> <p>Бағдарлама ғылымды дамытуға үлкен серпіліс болуға қабілетті ме? Зерттеу нәтижелерін жариялау үшін таңдалған журналдардың деңгейі қаншалықты жоғары?</p> <p>Бағдарлама шеңберінде жоспарланып отырған жарияланымдардың сапасы мен саны конкурстық құжаттамаға сәйкес келе ме? Өтінім беруші жариялауға жоспарлап отырған мақалалар саны қаншалықты негізделген?</p>	(от 0 ден 6-ға дейін)
----	---	---	-----------------------

	<p>Зерттеу жоспарының инновациялылығы</p>	<p>(150 сөзден аспау керек) Өтінім беруші ұсынған зерттеу жоспарының инновациялылығын негіздеуге арналған ақпарат осы өлшемшарт бойынша өтінімді бағалауға жеткілікті ме? Өтінім берушінің зерттеу жоспарының инновациялылығы туралы дәлелдері қаншалықты негізделген және сенімді болып табылады? Өтінім берушінің зерттеу жоспарының инновациялылығы негіздемесінің сапасы туралы сарапшының қосымша түсініктемелері.</p>	<p>(0-ден 3-ке дейін)</p>
<p>2.</p>		<p>(300 сөзден аспау керек) Зерттеуден күтілетін нәтижелер қаншалықты жаңа болып табылады? Бағдарлама шеңберінде зерттелетін ғылыми және (немесе) әдіснамалық проблемалық салалар қаншалықты жаңа болып табылады? Зерттеу жоспары шеңберінде өтінім берушінің қолданатын тәсілдері мен әдістері қаншалықты жаңа болып табылады? Олар қаншалықты заманауи және</p>	<p>(0-ден 3-ға дейін)</p>

		<p>өзекті болып табылады? Зерттеу нәтижелерін жариялауға таңдалған журналдардың деңгейі қаншалықты жоғары? Зерттеуден күтілетін нәтижелер жаһандық және салалық аспектілерде қаншалықты маңызды болып табылады? Сарапшының зерттеу жоспарының инновациялылығы туралы қосымша түсініктемелері.</p>	
		<p>(300 сөзден аспау керек) Зерттеу проблемасы қаншалықты негізделген? Өтінім беруші зерттеу жоспарының мақсатын, мәселелерін, гипотезалары мен болжамдарын қаншалықты түсінікті жасаған? Гипотезалар (болжамдар) ғылыми болып табыла ма? Зерттеуде қолданылған әдістер қаншалықты негізделген? Қолданылатын әдістер мен тәсілдер алға қойылған мақсаттарға, міндеттерге, гипотезаларға және күтілетін нәтижелерге қаншалықты сәйкес келеді? Өтінім берушінің бастапқы деректерді жинау</p>	

тәсілдері және олардың дереккөздері қаншалықты нақты? Өтінім беруші зерттеу мәселелері мен деректерді жинау әдістері арасындағы дәйектілікті көрсетті ме? Алынған деректерді кейіннен статистикалық өңдеуге арналған эксперименттер қаншалықты дұрыс жоспарланған? Өтінім беруші плагиатқа, деректердің ойдан шығарылуы мен бұрмалануына, жалған тең авторлыққа және нәтижелерді иемденіп алуға жол бермеуге қатысты мәселелерді шешу тиімділігі? Өтінім беруші адамдар мен жануарлардың қатысуымен жүргізілетін эксперименттік зерттеулерге қатысты этикалық мәселелерді қаншалықты пысықтаған? Өтінім беруші тиісті нормаларды сапалы деңгейде қаншалықты сақтаған? Сарапшының зерттеулерге ұсынылған әдістер мен тәсілдердің сапасы және олардың мақсаттары, міндеттері мен

(0-ден 3-ке дейін)

3.

Зерттеу жоспарының сапасы және іске асырылуы

күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі, жалпы алғанда сапасы мен зерттеу жоспарына байланысты қосымша түсініктемелері.

(250 сөзден аспау керек)

Зерттеу жоспарының мақсаттары, гипотезалары мен күтілетін нәтижелері қаншалықты шынайы?

Орындалатын жұмыстардың ресурстары, орындалу мерзімі және мазмұны зерттеудің мақсаттарына, міндеттеріне, әдістері мен күтілетін нәтижелеріне қаншалықты сәйкес келеді?

Зерттеуді табысты аяқтау үшін қандай тәуекелдер бар? Олардың дәрежесі қандай және өтінім беруші тәуекелдерге ден қою мәселелерін қаншалықты пысықтаған?

Бағдарламаны іске асырудың баламалы жолдары мен тәсілдері бар ма? Өтінім беруші ұсынған зерттеу жоспарының баламалы нұсқалармен салыстырғанда қаншалықты артықшылықтары бар?

(0-ден 3-ен дейін)

